

Ұлытау облысының Қоғамдық кеңесінің кезекті отыр

ХАТТАМАСЫ № 7

Жезқазған қ.

16.02.2024

16 . 30

Облыстың Қоғамдық кеңесінің Ұлытау облысы басқармаларының 2023 жылы атқарылған жұмыс барыстары мен 2024 жылға қойған мақсаттарын тыңдауға арналған отырысы онлайн және офлайн форматта өтті. Отырысты облыстың қоғамдық кеңесінің төрағасы **Б. Бегенов** ашып, жүргізді.

Отырысқа кеңес мүшелері: **А. Ахмет, М. Сейдахметов, А. Әбжаппаров, А. Токишова, Д. Изтолеуов, М. А.Қайыпбеков, МырзабековаМ, Сейдахметов, М.Бейсенбаев, Д.Тусупбеков, А.Такибаев, М.Бекмаганбетов, М.Атамұрат, М.Шамбулов, В.Фомин , А.Мукеева, М.Маткенов, С.Оспанов, Н.Битенов, Д.Тулегенов,Т.Букуров, М.Оспанов, Ш.Хамзе;** қатысты.

Белгілі себеппен қатыспағандар: **Ы.Қозайдаров, Е.Жунусов;**

Бегенов Б – Қайырлы күн әріпестер, мем.қызметкерлер. Жоспарға сай басқармалар басшыларын тыңдауды жалғастырайық. Бүгін есеп беретін

- 1. Қуат Анасұлы Имантүсіпов – табиғи ресурстар мен және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы*
- 2. Қайрат Мендібайұлы Мутаев – ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы*
- 3. Алмас Алимбекұлы Жандарбеков – тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы;*

Жандарбеков А - В целях подготовки города Жезказган к отопительному сезону в 2023 году на Жезказганскую ТЭЦ выделено 11,7 млрд тенге на текущий ремонт 4 котлов и 3 турбин, капитальный ремонт 2 котлов и модернизацию 1 котла. *С начало ремонтной кампаний на подготовку Жезказганской ТЭЦ выделено дополнительно 9,3 млрд тенге (сумма увеличена с 2,4 млрд тенге до 11,7 млрд тенге) и на сегодняшний день составляет 11,7 млрд тенге, из них на на капитальный ремонт котлов 3,5 млрд тенге (КР КА № 4 – 1,72 млрд тенге и КР КА № 9 – 1,76 млрд тенге), на модернизацию котла №8 выделено 5,8 млрд тенге и на текущий ремонт (котлов №5,6,7,11 и турбин №6,7,8) 2,4 млрд тенге в рамках договора энергосервиса. На сегодняшний день завершены работы по текущему ремонту 4 (5,6,7,11) котлов и 3 (6,7,8) турбин и капитальному ремонту 1 (№4) котла, в соответствии с планом продолжаются работы по капитальному ремонту 1 (№9) котла и модернизации 1 (№8) котла. Запас угля 188 236 тонн или на 39 дней (нормативный запас 20 дней) и температурный режим соблюдается. В сфере водоснабжению*

По итогам 2022 года доступ населения области Ұлытау услугами водоснабжения составляет в городах 100%, в селах 95,1%.

По итогам 2023 года 100% (175 352 ч.) городского населения области Ұлытау

и 96,9% (44 735 ч.) сельского населения обеспечены питьевой водой.

В 2023 году в целях обеспечения населения области Ұлытау качественной чистой питьевой водой и непрерывными сетями водоотведения частично реализованы следующие проекты, большинство из которых продолжается.

По городу Жезказган реализуется следующие проекты:

Реконструкция хозяйственно-питьевых очистных сооружений города Жезказган, 2 очередь.

Общая стоимость проекта 16 171 432 тыс. тенге. в 2023 году предусмотрено 6 000 000 тыс тенге. Предусмотрено работы: демонтаж и монтаж отстойников в количестве 8 шт., кровельные работы АБК, приобретение оборудование мембранной технологии.

В 2023 году освоено 6 000 000 тыс.тенге или 100%.

Демонтажные работы по БХПОС отстойник, песковые баки очистка от мокрого ила и грязи 3140,2 м3, полы цементные разборка покрытия 2700 м2.

ТОЛЫҚ БАЯНДАМА ТІРКЕЛГЕН.

Бегенов Б- Сұрақтарыңыз болса?

Мукеева А – По канализации и котельной в пос. Кабанбай батыр что есть известно?

Жандарбеков А – Есть меморандум с Казахмысом, согласно которой будут подведены канализационные сети. Работы были намечены в 2023 году с переходящим.

Оспанов М – Ұлытаудың тоғы жөнінде не айтасыз?

Жандарбеков А- Мамыр айында ЖРЭК өз қолына алайын деп жатыр.

Бегенов Б – Ұйтас-Айдостың жағдайы қалай? Жездінің подстанциясы туралы не айтасыз?

Жандарбеков А – Жұмыс жүріп жатыр. Жалпы трубалардың 60 км нен 20 сы салынды. Ал Жездінің подстанциясын ЖРЭКке береміз.

Ахмет А – Кенгірге қашан газ жетеді?

Жандарбеков А – ПСД осы жарты жылдықта жасалады, сосын басқа құжаттар реттеледі.

Бегенов Б – Рахмет

Мутаев К - Ұлытау облысының 2023 жылға Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі – 114,5 млрд. теңгені (2022 жылғы қаңтар-желтоқсан - 94,1 млрд теңге) құрады, яғни 2022 жылға салыстырғанда 21,7 %-ға өсті. Оның ішінде: Мал шаруашылығы – 81,1 млрд теңге, өсімдік шаруашылығы – 33,3 млрд теңге. Нақты көлем индексі - 77,4% құрайды. Нақты көлем индексінің төмендеуі өсімдік шаруашылығындағының көрсеткіштеріне байланысты. Өздеріңізге белгілі. Ұлытау ауданында егін жинау жұмыстары кезінде жауын-шашынның салдарынан егіс алқаптарының 51% - ы зақымданған. Осыған байланысты орташа өнімділік 9 ц/га-дан 5,3 ц/га-ға дейін төмендеді. 2024 жылға ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі – 125,0 млрд.тг. құрайды деп жоспарлануда, оның ішінде: Мал шаруашылығы

– 80,7 млрд.тг; Ұлытау облысы бойынша 2023 жылы егілген егістік жалпы көлемі – 28,8 мың гектар, оның ішінде 23,6 мың гектар – дәнді дақылдар, көкөніс – 1 мың гектар, азықтық дақылдар 4,2 мың гектар құрады. Орташа өнімділік 5,3 ц/га (*егін жинау науқаны кезінде 3 апта жауған жаңбырдың әсерінен 14,6 мың гектар егістік алқаптары зиян шегіп, орташа өнімділік 9 ц/га-дан 5,3 ц/га дейін төмендеді*).

Ағымдағы жылы облыс аумағында 30,0 мың гектар аумаққа көктемгі дала жұмыстары сәуір айында бастау алып, мамыр айының соңына дейін жүргізіледі деп жоспарлануда. Оның ішінде: *Дәнді дақылдар 24,2 мың гектар; Көкөніс 1,3 мың гектар; Азықтық дақылдар 4,5 мың гектар.* Көктемгі дала жұмыстарына «gosagrokz» порталы арқылы жалпы көлемі 488 тоннаны құрайтын арзандатылған дизель отынына 20 өтінім келіп түсті. Аталған көлемді облысқа жеткізуші оператор болып, «Petro-retail» ЖШС белгіледі. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін дизель отынының бағасы литріне 250 теңге болып бекітілді.

ТОЛЫҚ БАЯНДАМА ТІРКЕЛГЕН.

Бегенов Б- Рахмет. Сұрақтарыңыз?

Ахмет А -Жылқы саны төмендепті. Соны көтеруге әрекет жасадыңыздар ма?

Мутаев Қ – Жок. Бұл шаруа толық инвесторлардың іс-әрекеттеріне байланысты. Бизнес өкілдері өздері жасау керек.

Фоман В - Раньше в Талап было мощное подсобное хозяйство. Есть ли возможность возродить это дело?

Мутаев К – Нет, только если помочь с получением кредита,субсидии. Там нет свободных земельных участков, все частное,выкупленное,либо арендованное.

Оспанов М - «Ауыл» жобасы биыл бар ма? Малға субсидияны СПК арқылы бере ма?

Мутаев К- Өкімет малға 50 пайыз, басқа заттарға 50 пайыз береді. Біздің басқарма ауылдық жерлерге барып түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Оспанов М – Ет комбинатын салу бойынша неге еш қанды өзгерістер, ілгерушілік жок. Мүмкін ҚК ұсыныс жасау керек шығар? Қазақмыс неге көмектеспейді?

Мутаев К – Ет комбинатын ашу бойынша инвесторлармен,бизнесмендермен жұмыс атқарып жатырмыз. Оның ішінде Ақтөбе, Қарағанды қалаларымен. Нәтиже жок. Қазақмыс нерентабельный, тиімсіз деп жобаны іске асыруға көмен бермей жатыр.

Бегенов Б – Рахмет. Келесі баяндамашы Қуат Имантүсіпов.

Имантүсіпов Қ – Басқармада 6 мемлекеттік қызметкер, 5 штаттан тыс жұмыскер қызмет атқарады. Басқармаға бағынысты екі мекеме бар, атап айтқанда «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Жанаарқа шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және «Ұлытау су қоймалары» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.**1. Экология жөнінде**

Бүгінгі таңда облыстың экологиялық жағдайына көңіл бөлінуде. 2024-2028 жылдарға арналған Ұлытау облысының экологиялық проблемаларын кешенді шешу жөніндегі жол картасы әзірленуде. Мұнда өндіріс орындарына, оның ішінде

«Қазакмыс Корпорациясы» ЖШС қарасты өндірістерде экологиялық талаптар сақтау жөнінде ауа құрамына зиянды шығарындыларды азайту мақсатында 2025-2026 жылдары Жезқазған мыс қорыту зауытының күкірт-қышқыл цехы реконструкциялау жоспарлауда. Өткен жылы Жезқазған, Сәтбаев қалаларының ауа құрамын бақылау мақсатында 4 арнайы датчик қойылды. Бұл өз кезегінде ауаға таралатын ластаушы заттардың шамадан тыс шыққан жағдайда, дер кезінде тиісті шара қолдану үшін қажет. Ағымдағы жылы тағы арнайы 4 датчик орнатылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 16 маусымдағы облысымызға сапары аясында берілген тапсырмасы бойынша Ұлытау облысы әкімдігінің қаулысымен аумақты зерттеу бойынша арнайы комиссия құрылған болатын. Облыстық бюджеттен **633 млн. теңге** қаржы бөлініп, «Жезқазған, Сәтбаев қалаларының және Ұлытау ауданының бір бөлігіне қоршаған ортаны және халықтың денсаулығының жағдайын кешенді бағалау» бойынша «Экосервис-С» ЖШС ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Аталған жұмыстар барысында ауаның топырақтың, судың сынамалары алынып, адам денсаулығы, өсімдіктер мен жануарларға әсері толық зерттеледі. Жобаның мақсаты ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізінде облыста экологиялық мәселелерді айқындап алып, Төтенше экологиялық жағдай аймағы немесе экологиялық апат аймағы деп жариялануы мүмкін аумаққа қосу немесе «Арал өңіріндегі экологиялық зілзала салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына Жезқазған, Сәтбаев қалаларын және Ұлытау ауданының бір бөлігін қосу мәселелері қарастыру болып табылады. Ғылыми-зерттеу жұмыстары 2024 жылдың аяғына дейін аяқталып, ҚР Үкіметіне қарастыру үшін жолданады.

Сондай-ақ, өткен жылы 2023-2025 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігімен келісе отырып, облыстық мәслихаттың шешімімен бекітілді.

Облыс аумағында қоршаған ортаны ластаудан түскен түсім (*эмиссия*) өнірдің экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған.

2023 жылы болжанған түсімнің көлемі 7,1 млрд. нақты түскені 6,4 млрд. теңгені құрап отыр. Іс-шара жоспарында жұмыстарды атқаруға 4,7 млрд. жоспарланған, игерілгені 3,8 млрд. теңге.

ТОЛЫҚ БАЯНДАМА ТІРКЕЛГЕН.

Фомин В – Где установлены дополнительные датчики и влияют ли они на общ.систему?

Имантүсіпов Қ – Устанавливаем до конца года и на систему не влияют.

Фомин В - По плану мероприятий и охране окружающей среды? Что сделано по улучшению окружающей среды от поступающей эмиссии?

Имантүсіпов Қ – Комиссия по экологии создана не на средства эмиссии и до сих пор не завершила свою работу.

Фомин В – рыба гибнет, фекальные сооружения изношены, там же сажают

огороды, идет сброс вредных веществ, а сдвигов нет.


Бегенов Б – Сұрақтарыңыз болмаса отырысты аяктайық.
Әріптестер! Баяндамашыларға жұмысына баға беруге кірісейік.

Кім қолдайды? - 24 Кім қарсы?- 0 Қалыс қалған? – 0

ШЕШІМ:


1. Табиғи ресурстар мен және табиғат пайдалануды реттеу, ауыл шаруашылығы, тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық басқармаларының 2023 жылы атқарылған жұмыстарын қанағаттанарлық деп танылды.
 2. Ет комбинаты, су инспекциясын ашу, балықтарды аулауға мараторий жариялау жайлы тиісті ведомстваларға хат жазылсын.
- Құрметті әріптестер! Отырыс аяқталды. . Келесі кездескенше.

**Ұлытау облысының Қоғамдық
Кеңесінің төрағасы**



Б.Бегенов

Хатшы



С.Оңғарбаева